

Міржақып Дулатұлы және қазақ жәдитшілдігі

Алғашқы түркі халықтарының қозғалысы болып есептелетін жәдитшілдік реформасы XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап бастау алған. Жәдитшілдер ең алдымен білім беру саласында жаңашылдық орнатуды көздеді. Осы жаңа әдісті қолдаушылар өздерін «жәдитшілдер» деп атаған. Жәдитшілдік ағымын іс жүзінде, Ресей империясының әлемдік озық педагогика тәжірибесіне сәйкес алғаш рет мұсылман балаларын дыбыс жүйесімен оқытуды барлық зиялы қауымның аузында жүрген Исмайл Гаспыралы бастаған болатын.

Осы ағымның лебі Қазақ жеріне де жетті. Ағарту саласындағы ұлы көшбасшыларынан бастап қарапайым оқыған азаматтарға дейін елдің ендігі өрлеу сатысын жәдитшілдікпен байланыстырды. Ахмет Байтұрсынұлы: *«Усул жәдит, яки төте оқу жолы бар екенін білеміз, бірақ сол жол қазақ арасында аз таралған соң, біздің мақсатымыз да сол оқуды қазақ арасына көбірек жаю»* десе; Міржақып Дулатұлы 1914 жылы 8 қазанда «Қазақ» газетінде жариялаған мақаласында, Гаспыралының Ресейдегі мұсылман халықтардың мәдениетін, ағарту саласын көтеру үшін жасаған шараларын былайша топтастырып көрсеткен: *1) Балаларды бастауыш мектепте оқыту, мектептерді заманға муафик тәртіпке салу, сол тәртіпті Россияда жалпы мұсылман мектептеріне жүргізу. 2) Россиядағы түрік қауымдарының ортасында бәріне ортақ түсінікті әдеби тіл тудыру, Еуропа өнер білімін медреселерде сол ортақ тілмен оқыту. 3) Пақырлық есебінен оқусыз, білімсіз, өнерсіз қалуы мүмкін болған нашарларға қарасып, оларды да оқудан, өнер білімнен мақрұм етпес үшін «жәмғияти хайриялар», «жәрдем жәмғияттарын» аштыру.* Осылайша Гаспыралының бірінші қызметі бала оқыту болғандығын басып айтқан.

Сонымен қатар «Қазақ» газетінің усул жәдитке байланысты шыққан басылымдарды сұратушыға жіберетіндігін де білдірген: *«Біздің жаққа усул жәдит, усул хадим таласының ұшқыны түскен көрінеді. «хадим», «жәдит» деген сөздерді һәркім өздерінше түсініп, іреп, сойып жүр. Усул жәдитке Зейнолла хазірет, Бейіс хазіреттің өздері қарсы еместігін қайдан білсін. Усул жәдиттің дұрыстығына Зейнолла хазіреттің берген фәтуасы кітапша болып басылып шыққан. Керек қылып сұратушы болса, «Қазақ» басқармасы жіберер»*

Белгілі алаштанушы Дихан Қамзабекұлы Қазақстандағы жәдит ағымын екі асудан өткізеді. «1890-1911 жылдар аралығы, яғни шамамен «Айқап» шыққанға дейінгі қазақта жәдитшілікті үйрену, тәжірибе жинау шағы болса; 1911-1920 жылдар аралығы жәдитшілдіктің өріс алып Алаш қозғалысына көшу уақыты» Осылайша Әл Маржаниден И. Гаспыралыға дейін жәдитшілдік орнығу процесін бастан өткерді.

1883 жылы 10 сәуірден бастап Гаспыралы «Тәржіман» газетін шығарған. Газетті шығару рұқсатын көп уақыт күткен Гаспыралы Татар және Орыс тілінде шығару шартымен алған болатын. Алғашқы нұсқасы 22 сәуір 1883 жылы жарияланды. Газет Қырымда жарияланған алғашқы татар

газеті болатын. 35 жыл бойы үздіксіз жариялануы, оқырманға әсері, түркі халықтарының көшбасшы газеті болуы, көтерген мәселелері және «усул жәдитке» жасаған қызметі жағынан ағылшындардың Times, орыстардың Новая Время газеттерімен тең түсетін. Тәржіман 1903 жылға дейін аптада бір рет, 1903-1912 жылдар арасында аптасына екі кей кездері үш рет шығарылған. 1912 жылдың қыркүйек айынан бастап күн сайын шығатын болған. Бастапқы кезде 300 абонементі болған газет, 1885 жылы 1000-ның үстіне шыққан. Оның 300 Қырымда, 300 Еділ Орал аймағында, 150 Дағыстанда, 50 Сибирияда, 200 Орта Азия мен Түркістан аумағында болатын. 1907 жылы тиражы 5000-ға жеткен газет [1, 38] Стамбул, Кайр, Қашқар және Үндістанға дейін жайылған. Міне осындай маңызды газетті Қазақ оқушыларына танытқандардың бірі Міржақып Дулатұлы болған. Ол өзінің кезекті мақаласында: *«Исмағұл мырза қайрат қылып, жолын ебін тауып, «Тәржіман» газетасын шығарған. «Тәржіманға» рұқсат шыққанға дейін екі губернатор, үш министр төңірегінде Исмағұл мырза үш жыл әуре болып жүрген, 4-5 рет Петерборға барған»* деп газетті шығару кезіндегі қиындықтарын атап көрсеткен. [2]

«Мен өзім медреседе оқымасам да 1904 жылдан бастап ноғай әдебиетін үйренуге әуестендім. Сол жылдан бастап «Тәржіман» газетін және кейін шыға бастаған өзге ноғай газеталарын һәм кітаптарын оқитын болдым. Бұлар маған сінді» [3, 109] деп жазады М. Дулатұлы.

«Тәржіман» газеті қазақ халқының мәдениеті мен тарихына, экономикасына қатысты көптеген мақалалар жариялаған. Мысалы: «Қазақтар», «Торғай һәм Орал облыстарындағы қазақтардың жағдайы», «Қазақтар және отарлау саясаты», «Тұтас халықтың қырғыны сынды» тб. Осы мақалалардан Гаспыралының қазақ бауырларына жанашырлық танытқанын, бейжай қарамағанын көруге болады. Гаспыралы жоғарыда атап өткен мақалаларында қазақ халқының жинақталуына, тезірек сауаттануын қалаған. Гаспыралының қазақ бауырларына арнайы жазған мақаласын М. Дулатұлы барлық қазақ оқырмандарына түсінікті болу үшін «Оян Қазақ» еңбегінің қосымшасы ретінде қазақшалап «Гаспыралының айтқан сөзі» деп Қазақ газетінде жазған еді. Бұл мақалада *«Хожя Ахмет Йасауи хазіреттері қабірінен тіріліп шықса, қазақ халқына дін үйретпес еді. «Өздерің де мұсылман екенсіңдер деп» дүлдүліне мініп алып, Қара Еділден Алатауға, Омбыдан Әмударияға шейін қазақ бар жерді аралап: Тез жұрт салып, шәхәр болыңдар, егін саймандарын алып, жер жыртыңдар»,- деп жар салар еді»* деп көшпелі қазақ халқына жерін қорғап қалудың жолдарын ашып көрсеткенін баяндаған. XX ғасыр басында қолға алынған отырықшылық мәселесін қазақ зиялылары бірауыздан қолдамаған еді. Мұның түрлі себептері болатын.

*«Адамзат неше түрлі әлем толған
Әр дінде әр мәзһәпте және болған
Соның көбі шаһардан орын алып*

Сахарада біздің қазақ көшіп қонған», деп «Оян! Қазақ» еңбегінде отырықшылыққа көшу керектігін, Гаспыралының ашық түрде жазған мақаласына қосылатындығын білдірген.

Усул жәдит жүйесімен Қазақстанда алғаш рет әліпби құрастырған және оны оқулықтарда қолданған А. Байтұрсынұлы болатын. Байтұрсынұлы қазақша жазуға тәртіп көрсетіп Айқап газетінде өз жобасын ұсынып оқушылардың сынын күтіп, егер көпшілік ұнатса ұсынылған жобамен әліппе бастырмақшы еді. Айқап газетінің 6 нөмірінде Ш. Жияшев деген кісі Байтұрсынұлының усул жәдитпен әліппе жасауды түсінбегендігін, жазу тәртібін басқаша түсінгендігін айтып сынаған. Осы мақалаға сәйкес Дулатұлы Байтұрсынұлының әліппесін қолдап, әліппені «усул жәдит» әдісімен жасалғандығын айтып ақтаған. Сонымен бірге жасалған әліппе жобасына қосылатынын айтып өз пікірін былайша білдірген: *«Қазақ әліппесіне ф менен х кірсе екен деймін. Таза қазақ сөзінде болмаса да, қазақ тіліне кірген араб, парсы, сөздерінде һәм Ахмед, Мұхаммеджан, Фазыл деген секілді қазақ аттарында бұл екі әріп көп ұшырайды. Ф мен х әліппеге кіргенменен жазу тәртібіне қиыншылық келтірмейді»* [4, 54].

Мұсылмандық ағартушылықты қолдаған Әлихан Бөкейханның саяси қоғамдық қызметі мен саналы ғұмырындағы әріптестері А. Байтұрсынұлы мен М. Дулатұлы болатын. «Оян Қазақ» және «Қырық мысал» атты кітаптарында халықты еңбекке, білім алуға, сауаттануға шақырған. Алаш қайраткерлері дінді екінші орынға қойып басқа жолға түскен жоқ. Керісінше дінмен ұлтты сақтап қалуды біртұтас алған. Дулатұлының *«Әр халықтың күші һүнер болса, һүнерге Алла тағала қасында ынтамыз саясында біз қазақтар да ортақ болса керек. Соның үшін мұсылманша ғылымдар оқып, дінімізді танып, надандардың көзін қойып, көңілін ашып, мұнымен ахиреттік пайдамызды табалық»* деп діннің маңызын көрсетсе; *«Үлкеніміз қадимлыққа жазылып, Жәдит деген партияда жас болдық»* деп бұл ағымды қолдау қажеттігін ашық айтады. А. Байтұрсынұлы: *«Қазақ дінге нашар күйден өткен, енді қазақты басқа дінге ауыстырам деу құр әурешілік»* десе; Ә. Бөкейханның: *«Мәдениет өмірі құдірет әмірі»* [3, 93] деген сөзінде терең мән бар. М. Дулатұлының ұлтты серпілткен «Оян, қазақ!» атты өлеңінің негізгі желісінде осы болатын:

Жан фида, малың тәрік болсын жігіт,
Дін, милләт деген сөзді тұр жәһидлай
Мен кепіл сонда жаман болмасына
Тұрмасам қолықды әкел, айтқан шартта-ай.

Осылайша Міржақып біржақты дамуды емес, халықтың сұранымына сәйкес жан жақты дамуды меңзейді. Осы аталған еңбегінде «Қазақ халқына діни бір уағыз» атты өлеңі бар. Осы өлеңінде *«әр болыста жасағат қаржысына ұсталатын бір мешіт; земство қаражатымен жұмыс жасайтын бір медресе; медреседе бес жылға сайланатын бірі*

мұсылманша, енді бірі орысша оқытатын екі мұғалім қызмет атқарсын, халық яки байлар өз күшімен мешіт медресе ашамын деп жатса тыйым салынбасын, бірақ озық бір жүйеге түссін» [5, 46] деп жәдитшіл ой ұсынысын білдіреді.

Дулатұлының «Қазақ» газетінің 30 қыркүйек, 1914 жылы №80 санында «Исмағұлбек Гаспринский опатынан соң» деген мақаласы шықты. Мақалада Гаспыралыны «*жалғыз Россия мұсылмандарының ғана емес, бүтін мұсылман дүниесінің ұлғ адамы*» ретінде көрсеткен. Ал біз Міржақып Дулатұлын С. Торағыровтың жазып кеткеніндей мәңгі өшпес «күнге» теңейміз.

Басында ол қарағым тұр ғой дайын
Тек ұзақ ғұмыр берсін бір құдайым
Дулатов, Байтұрсынов, Бөкейханов
Білемін бұл үш ердің айтпай жайын.

Кешегі қара күнде болмап па еді
Бірі күн, бірі Шолпан, бірі Айым!
Солардан басқа кеше кім бар еді
Қазақ үшін шам қылған жүрек майын?

Осылайша Міржақып Дулатұлы негізгі ағартушылардың – өзінің және ұлт қозғалысындағы әріптестерінің тарихи миссиясын дәл бағамдай алған.

Сайғы Гүлнар Бозымбайқызы, Phd. dr. «Қорқыттану және өлке тарихы» ҒЗИ аға ғылыми қызметкері

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Fahri Solak, “Gaspıralı İsmayıl bey, Tercüman gazetesi bibliyografyası ve Türkçe yayınlar” www.turkceyayin.com.tr
2. Түрік баласы (М. Дулатұлы) \ «Қазақ» 16 октябрь, 1914 ж, № 82
3. Діқан Қамзабекұлы. Алаш және әдебиет. – Астана: Фолиант, 2002. 474-б.
4. Міржақып Дулатұлы. II том. – Алматы: Мектеп. 54 бет
5. Міржақып Дулатұлы. I том. – Алматы: Мектеп. 46 бет